

Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысы. 2002 жылғы 1 қарашадағы N 5/709. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 18 қарашада N 487 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 1/200 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылды 9 қарашадағы №1432 "Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласының әкімшілігі қаулы етті:

1. Тотализаторлар мен казинолар ұйымдастыру және өткізу құқығын иелену үшін өтініш берушінің тұрақты қаржы жағдайын растайтын құжаттар (№1 қосымша) және өтініш берушінің қаржы жағдайын анықтауға керекті көрсеткіштердің тізбесі (№2 қосымша) бекітілсін.

2. Қорытынды беретін сарапшылар комиссиясы лицензияттың біліктілік талаптарына сәйкестігі жөніндегі қорытындыны өтініш иесіне тапсырған соң, қаржы жағдайының тұрақтылығын растауды Алматы қаласы әкімшілігінің Экономика комитеті жүргізеді деп белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бұкеновке жүктеледі.

Алматы қаласының әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласының әкімшілігінің

2002 жылғы 1 қарашадағы N 5/709

Қаулысына N 1 қосымша

Өтініш берушінің қаржы жағдайын анықтау үшін тиісті құжаттардың тізбесі

1. Бухгалтерлік баланс; <*>

2. Қаржы-шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесі туралы есеп; <*>

3. Ақша айналымы туралы есеп; <*>

4. Берілген қаржы есебінің әділдігі және дұрыстығы жөніндегі аудиторлық есеп.

Ескертпе

<> бухгалтерлік есеп стандарттарға және әдістеме ұсыныстарына сәйкес өтініш берген айдың 1-не әзірленеді.*

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласының әкімшілігінің
2002 жылғы 1 қарашадағы N 5/709
Қаулысына N 2 қосымша

**Отініш берушінің қаржы жағдайын анықтау үшін
тиісті көрсеткіштер тізбесі**

Көрсеткіш	Көрсеткіштің мақсаты	Есептесу нұсқасы	Көрсеткіштің ұтымды маңызы
1.Тәуелсіздік коэффициенті (жеке капитал жиынтығы, автономиялылығы)	Кәсіпорынның жалпы активтер көзінен өзінің меншікті капитал үлесін көрсетеді. Сол бойынша, кәсіпорынның қаншалықты заем қаржыларынан тәуелсіз екенін және жеке қаржыларын жеке пайдалана алатынын көрсетеді.	Меншікті капитал Жиынтық капитал-(баланс валютасы)	0,5-0,6
2.Қаржыландыру коэффициенті	Меншікті капитал мен тартылған (заем) қаржысының катынасын білдіреді. Ол, кәсіпорын активінің қай болігі өз қаражатымен қаржыландырады, ал кайсысы - заем қаржысымен қаржыландыратынын көрсетеді.	Меншікті капитал Тартылған(заемдық) капитал (міндеттемелер)	>1
3.Абсолютті өтімділік коэффициенті	Ағымдағы қарыздарының қандай болігі балансты жасаған мезетте жабылуы мүмкіндігін немесе жақын арада жабылатынын көрсетеді.	Ақшалай қаражат Ағымдағы міндетте мелер	$\geq 0,2:0,5$
4.Ағымдағы өтімділік коэффициенті	Ағымдағы активтер қанша есе ағымдағы міндеттемелерді жаба алатынын, және кәсіпорынның төлем мүмкіндіктерін, дебиторлардың уақытында есептескенін бағалауға, дайын өнімдерін ынғайлы жағдайда сатуға, ал керек болған жағдайда басқа да айналымды қаражатты сатуды анықтауға мүмкіндік береді. Ол береді, сатылатын құралдар ағымдағы (шұғыл және қысқа мерзімді) міндеттемелерді жаба алатынын, сонымен баланстың түрақты екенін дәлелдейтін, және кәсіпорынның ағымдағы міндеттемелері (карзызы) бойынша тез арада есеп айрыса алатынын анықтауға мүмкіндік береді	Ағымдағы активтер Ағымдағы міндетте мелер	≥ 2

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК